

«Күләш Байсейітова атындағы  
Қазақ ұлттық университеті» РММ  
Ғылыми кеңесінің шешімінен  
**БЕКІТІЛДІ**

«23» 04 2025ж. № 9 хаттама

Ғылыми кеңестің төрағасы  
Г.А. Ахмедьяров

**Қабылдау шығармашылық емтихандарына қойылатын талаптар  
4S02150103 «Аспаптық орындау (аспап түрлері бойынша)»  
«Домбыра»**

| Мамандық атауы және коды                                  | Біліктілігі                                                                                      | Базасы            | Топ         |
|-----------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------|-------------|
| 02150100<br>«Аспаптық орындау»<br>(аспап түрлері бойынша) | 4S02150103<br>«Халық аспаптар оркестрінің әртісі (дирижер), балалар музыка мектебінің оқытушысы» | 9 сынып базасында | Қазақ, орыс |

**1. БІРІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН**

**МАМАНДЫҚ**

3 күй орындау (қалауы бойынша (бір шертпе күй, техника мүмкіндігін көрсететін бір төкпе күй және орта екпінде орындалатын төкпе күй).  
Фортепианоның сүйемелдеуімен бір шығарма, нота сауатын білу.

Күйлерді орындау үміткерлердің қалауы бойынша. Мысалы:

**Құрманғазы** «Алатау», «Қызыл кайың серпер», «Көк ала ат», «Балқаймақ»,  
«Түрмеден қашқан», «Қайран шешем», «Ақсақ киік»;

**Дәулеткерей** «Құдаша», «Қос ішек», Қазанғап «Ақжелең», «Күй басы»,  
«Жұртта қалған» және т. б.;

**Дина** «8 март», «Әсем қоңыр», «Қара қасқа ат»;

**Тәттімбет** «Қосбасар», «Азамат Қожа», «Сылкылдақ», «Көш жанаған»,  
«Балбырауын»;

**Сүгір** «Ілме», «Жолаушының жолды қоңыры», «Қаратау шертпесі»,

**Өскенбай** «Бұлбұл Ақжелең»;

**Мұрат Өскенбаев** «Жеңіс»;

**Есір** «Қос айырған», «Тоғыз түйеші», «Күнтай», «Ақжарма»,

**Құлшар** «Кербез керік», «Қыз қамаған»,

**Әлшекей** «Отарба» «Толқын», «Терісқакпай»;

**Қыздарбек** «Өткінші қосбасар» «Мұң қосбасар» және т. б.;

Фортепианоның сүйемелдеуінде қазақ, орыс немесе батыс еуропа композиторларының күрделі және арнайы лайықталған шығармаларын үміткерлердің қалауы бойынша орындау.

## 2. ЕКІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН

"Домбыра" мамандығына түсуші талапкерлерге екінші шығармашылық емтихан "Сольфеджио" пәнінің орнына "Этносьольфеджио" бойынша тапсыру құқығы беріледі

Қазақ халық аспаптарына түсушілерге арналған  
**ЭТНОСОЛЬФЕДЖИО (жазбаша және ауызша)** – емтихан талаптары БММ бағдарламасы бойынша белгіленеді.

### I. Музыкалық диктант:

- Домбыраға арналған диктант.
- Бас немесе орта буын; 12 - 18 такт.
- Жазу уақыты - 25-30 минут.
- Ойнау саны-8-10.
- Өлшем-ырғақтық қиындықтар - қарапайым өлшемдер, сегіздік нүктемен және он алтылық ырғақты топтар, пунктирлі ырғақ (төрттік нүктемен және сегіздік, сегіздік нүктемен және он алтылық), триоль синкопаның қарапайым түрлері.
- Қағыстар: қара қағыс (алма кезек, орама, біркелкі), адай қағыс (ілме қағыс), ППVІІ.
- Өлшемдері: күрделі, аралас, өзгермелі.

### Шамамен күрделілік деңгейі:



### II. Ауызша емтихан:

1. БММ бағдарламасы бойынша теориялық білімді тексеру.
2. Әндету:
  - Ладтар - мажор және минордың 3 түрі, 5 және 7-сатылы халық ладтар;
  - Интервалдар – қарапайым, үштондар;
  - Аккордтар - мажорлық, минорлық үшдыбыстықтар айналымдармен, кішірейтілген, ұлғайтылған үшдыбыстық негізгі түрде, D7 айналымдармен, KVІІ<sub>7</sub> және Кіш VІІ<sub>7</sub> негізгі түрде;
  - Парақтан бірдауысты нөмірі оқу (шамамен):
  - «Этносьольфеджио» жинағынан алынған фольклорлық нөмірлер (салттық, тұрмыстық, қара өлең) Г.Омарова, Г.Мурзағалиева. Алматы 2005.

### 3. Есту талдауы:

- Ладтарды мен интервалдарды есту арқылы анықтау
- Ауызша диктант: 1-2 ойыннан кейін әннен үзінді айту немесе күйден үзінді ойнау.

**Қазақ халық аспаптарына түсушілерге арналған СОЛЬФЕДЖИО (жазбаша және ауызша) – емтихан талаптары БММ бағдарламасы бойынша белгіленеді.**

#### **I. Музыкалық диктант:**

(халық аспаптар)



#### **II. Ауызша емтихан:**

1. БММ бағдарламасы бойынша теориялық білімді тексеру.
2. Әндету:
  - Ладтар - мажор және минордың 3 түрі, 5 және 7-сатылы халық ладтар;
  - Интервалдар – қарапайым, үштондар;
  - Аккордтар - мажорлық, минорлық үшдыбыстықтар айналымдармен, кішірейтілген, ұлғайтылған үшдыбыстық негізгі түрде, D7 айналымдармен, KVII<sub>7</sub> және Кіш VII<sub>7</sub> негізгі түрде;
  - Бірдауысты нота номерін парақтан оқу. Мысал:



### 3. Есту талдауы:

- интервалдар-қарапайым, үштондар және ерекше аралықтар;
- аккордтар - мажорлық, минорлық және кішірейтілген үшдыбыстылықтар айналымдарымен, ұлғайтылған үшдыбыстылық негізгі түрде, D7 айналымдарымен, KVII<sub>7</sub> және КішVII<sub>7</sub> негізгі түрде.

#### **Жиі қойылатын сұрақтар:**

1. Мектепте мемлекеттік емтиханда орындалған бағдарламаны қайталауға болады ма?

Иә. Егер талапқа сай болса

2. Мен БММ-ді басқа мамандық бойынша бітірдім, колледжге домбыра мамандығына түсе аламын ба?

Жоқ

3. Музыкалық білімсіз колледжге түсуге болады ма?

Жоқ


4. Пьесасыз тек күйлер ғана орындауға болады ма?

Жоқ Талапқа сай болу керек

5. Егер мен сольфеджио нашар тапсырып бірақ мамандық бойынша бағдарламаны өте жақсы тапсырсам?

Қабылдау комиссиясы арнайы емтихандарда алған бағалары бойынша сәйкесті балл санын есептейді.

ПЦК «Домбыра» төрайымы



М.Е. Тапалова

ПЦК «Музыка теориясы» төрайымы



Н.К. Жолдасова

«Домбыра» кафедраның меңгерушісі



А.К. Ахмадиев